

**Шомаева Дилара Ержанқызының**  
**8D02107 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми**  
**дәрежесін алу үшін ұсынылған**  
**«Қазақстанның балетмейстерлік өнерін дамытудың гендерлік дискурсы»**  
**тақырыбындағы диссертациясына**  
**АНДАТПА**

**Зерттеудің өзектілігі.** Балеттегі гендерлік сегрегация құбылысы балет пайда болған уақыттан бастап көрініс тауып келеді. Бұл мәселеге деген қызығушылық әлемдік қоғамдастықта бұрыннан қалыптасқан және жеткілікті зерттелген. Бұған шетелдік ғалымдардың әзірлеген еңбектері дәлел. Алайда, посткеңестік кеңістіктегі, оның ішінде Қазақстандағы жұмыстарда балеттанудың бұл бағыты жеткіліксіз зерттелген. Бұл тақырыптың қамтылуы ішінара, іріктемелі сипатқа ие. Бұл жұмыс қазақ би өнері пайда болған сәттен бастап академиялық балет театры құрылғанға дейін, оның бүкіл тарих бойы дамуы барысында және отандық қоюшы балетмейстерлердің туындыларының пайда болуына дейін Қазақстанның хореографиялық өнеріндегі терең үдерістердің қалай қалыптасқаны туралы жаңа білім алуға және бар білімді қайта ұйымдастыруға көмектеседі.

Берілген тақырыптағы ғылыми әдебиеттерді талдау барысында XIX және XX ғасырлардағы Батыс мәдениеті эстетикалық және гендерлік идеологиялардың қиылысуын болдырмауды мүмкін етпейтін биді талқылау контекстін белгілейтіні анықталды. Бірте-бірте биді зерттеудің гендерлік дискурсы батыс әлемінен тыс елдерде де маңыздылыққа ие бола бастады. Кез-келген қауымдастықта би әлеуметтік құрылымның тікелей көрінісі болып табылады. Қазақстанның хореографиялық өнері осындай тәжірибені игеруде ерекше жолдан өтті, оның нәтижесі XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында өзін танытқан әйел хореографтардың феномені болды. Бұл үрдіс тиісті ғылыми негіздемесіз орын алып келеді, ал бұл құбылыстың толықтай жарияланбауына әкеледі. Балетмейстерлік өнер ортасында гендерлік үлестірім туралы әзірленген деректердің, олардың шығармашылығын гендерлік қатыстылық тұрғысынан талдаудың жоқтығына байланысты олардың жетістіктерін толық дәрежеде қамту мүмкін емес.

**Тақырыптың зерттелу дәрежесі.** Қазақстандық балеттануда ұсынылған проблематикаға арналған ірі жұмыстар жоқ. Отандық балетмейстерлер Л.Сарынова, А.Шанкибаева, А.Садықова, Д.Оразымбетова, Г. Жұмасейітованың шығармашылығы туралы неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеулер отандық театр өнерінің тарихы туралы көптеген мәселелерді қарастырады. Олар негізінен кеңестік жүйе кезеңінде жұмыс істеген қазақстандық балетті жасаушылар мен реформаторларға арналған: З. Райбаев, М. Тлеубаев, Б. Аюханов, Д. Абилов, А.Садықова, А. Құлбекова, Г. Жұмасейітова, У. Әлиева, Ф. Мусина, А. Шанкибаева, Д.Уразымбетова және Т.Молдалімнің әйел хореографтардың балетмейстерлік қызметі туралы бірқатар мақалаларында олардың шығармашылық жетістіктеріне егжей-тегжейлі талдау жасалған. Бұл ретте, осы жұмыстардың нәтижелері әйелдердің субъектігі сияқты факторды ескермейді, соның негізінде біз оларды айтарлықтай толықтыруға болады деген болжам жасай аламыз. Н.Львов, Н.Коршунов, Л.Жуйкова және Д.Есентаеваның ғылыми жұмыстарының негізінде Қазақстанда 90 жыл бұрын пайда болып, дамып келе жатқан балет өнерінде отандық әйел авторлардың санының арту динамикасын көрсеткен талдау жасалды.

Балетмейстерлер арасындағы гендерлік теңгерімсіздікті зерттеуге Дж.Тиг диссертациялық жұмысы үлгі болды. Бұл жұмыста 2016-2017 жылдардағы театр маусымы кезіндегі Еуропа мен Солтүстік Американың ең ірі академиялық театрлары мен заманауи би ұжымдарының репертуарлық саясаты мұқият талданған. Нәтижелері қазіргі таңда хореографтар арасында гендерлік теңсіздіктің бар екенін растады.

Бұл жұмыстың негізінде жатқан гендер, гендерлік теория және оның әлемдік ғылымдағы категориялық аппараты туралы ұғымдар мына ғалымдардың еңбектерінде қарастырылып дамытылған: Фуко М., Де Бовуар С., Рубин Г., Сиксу Э., Иригаре Л., Лорбер Дж., Фаррелл С., Уэст К., Зиммерман Д., Коннелл Р., Гиллиган К. Өнерді зерттеудің балама әдістерін қарастыратын гендерлік тақырып дискурсындағы өнертану жұмыстары осы бағыттың негізін қалаушы батыс ғалымдарына тиесілі: Поллок Г., Нохлин Л., Малви Л., Чадвик У. және Паркер Р. Би теориясы мен тарихын талдаудағы гендерлік тәсілдің ерекшелігі К. Адэр, А.Олбрайт, Э.Дэмпстер, Д.Джовитт, Л.Гарафола, А.Дали, Дж.Ханна, С.Фостер жұмыстарында, сондай-ақ Э.Коритц, К.Браун, В.Миджеллоу және С.Гуче-Миллер ең жаңа туындыларында егжей-тегжейлі баяндалған. Бұнда олар би тарихын зерттеуде қолданылатын субъектке негізделген, материалистік және постструктуралистік тәсілдерден туындаған феминистік ойдың бірнеше бағыттарын дамытады. Қазіргі заманғы гендерлік теорияның қазақстандық дискурсқа ену процесінің теориялық негізі ретінде Ресей гуманитарлық ғылымында гендерлік зерттеулер мен әйелдерді зерттеу саласында батыс ғалымдарының жетістіктерін табысты қолданатын А.Усманова, И.Перельман, Н.Курюмова, Г.Брандт, Е.Здравомыслова, А.Темкина, Л.Бредихина еңбектері алынды. Отандық авторлардың көзқарасымен ұлттық бидің дамуы туралы деректер ретінде Д.Әбірова, О.Всеволодская-Голушкевич, А.Садықова, Т.Жұмасейітова, А.Алишева және А.Молдахметова әзірлеген зерттеу материалдары алынды. Постколониялық мұра проблематикасы және оның Қазақстанның би өнерінде болуы тұрғысынан зерттеу Э.Саид, М.Глостанова, М.Дой, Г.Жапеева, И.Стасевич еңбектерінде әзірленген ұғымдарға сүйенеді.

**Зерттеу нысаны:** қазақстандық хореограф әйелдердің кәсіби балет өнері пайда болған кезден бастап қазіргі уақытқа дейінгі шығармашылық қызметі.

**Пәні:** Қазақстанның балетмейстер өнері тарихындағы үдерістер, олардың гендерлік дискурс саласындағы даму себептері мен үрдістері.

**Зерттеудің мақсаты** гендерлік дискурс-талдау арқылы Қазақстанның балетмейстерлік өнерінің даму ерекшеліктерін анықтау және ондағы әйел хореографтың орнын негіздеу болып табылады.

**Ғылыми міндеттері:**

1. Гендер ұғымын және одан туындайтын гендерлік теорияны ашып, оның өнертану саласында қолданылуын негіздеу;
2. Феминистік сын тәсілінің өнерді гендерлік зерттеу саласы ретінде қарастыруының негізгі ерекшеліктерін анықтау;
3. Әлемдік хореография тарихын ондағы әйел хореографтың орнын анықтайтын факторлардың болуы тұрғысынан талдау;
4. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы гендерлік рөлдерді қарастыру және олардың ұлттық хореографияның дамуына әсерін негіздеу;
5. Тоталитарлық дәуірдегі әйел хореографтың өнердегі жаңа күйін анықтайтын процестерді айқындау (Шара Жиенқұлованың шығармашылығы тұрғысынан);
6. Тәуелсіз Қазақстан кезеңінде әйел хореографты бекіту тетіктерін негіздеу;

7. Хореограф әйелдер шығармашылығындағы қазақ биінің сахналық көрінісінің қазіргі кезеңін талдау;
8. Әйел авторлар жасаған балет сахнасындағы әйел бейнелерінің кейбір үлгілерін қарастыру;
9. Қазақстандық балет өнеріне гендерлік аспектінің теріс әсерін еңсерудің мүмкін жолдарын тұжырымдау.

**Зерттеу гипотезасы.** Мәселені алдын ала зерделеу Қазақстанның балетмейстерлік өнерінің пайда болуы мен даму процестері гендерлік дискурста талданған жағдайда қазіргі кезеңдегі әйел хореограф орнының басымдылығының себептерін, оның отандық балет өнеріне әсерін анықтауға, сондай-ақ отандық балеттану білімінің қолданыстағы жүйесін толықтыруға болады деп айтуға мүмкіндік береді.

**Зерттеу әдістемесі мен әдістері.** Әдістемелік тұрғыдан алғанда, бұл жұмыс мына әдістерге негізделген батыс ғылыми кеңістігінде кең таралған гендерлік теория мен феминистік сын аясында орындалды:

- диалектикалық,
- жүйелік,
- пәнаралық.

**Жұмыстың ғылыми жаңашылдығы** мыналарға байланысты:

- Гендерлік дискурста Қазақстанның балетмейстерлік өнерінің тарихи дамуын қайта қарау тұжырымдамасы;

- халықаралық ғылыми практика үлгісі бойынша гендерлік теорияның гуманитарлық ғылымға енуі контекстінде әйел хореографтардың шығармашылығын қарастыру;

- феминистік сын қағидаттарын жаңа эстетиканы қалыптастыру процесін түсінуде қолдану және оны қазақстандық балет сахнасында әйел хореографтардың бекітуі;

- әйел хореографтар ұсынған балет сахнасында ұлттық биді сәндеу мен түсіндірудің жаңа құралдарын анықтау;

- қазақстандық әйел хореографтар жасаған канондық мәдени мәтіндерді қайта талдау және әйел бейнелерін көрсету ерекшеліктерін анықтау.

#### **Қорғауға шығарылатын негізгі ережелер:**

1. Гендерлік теория мен феминистік сынға негізделген биді зерттеуге балама тәсілдерді қолдану Қазақстанның балетмейстерлік өнерінің даму тарихын әйел және оның осы өнердегі орны тұрғысынан қайта қарауға мүмкіндік береді.

2. Феминистік сын қағидаларына негізделген хореографиялық өнерді зерттеудің тұжырымдамалық әдістері әйелдердің тәжірибесін әйелдер тұрғысынан зерттеу және жалпылау қажеттілігінен туындайды. Белгілі бір әлеуметтік-қоғамдық, уақытша және кәсіби жағдайлардағы әйелдің мәртебесі авторлардың жетістіктерінің маңыздылығын тарихи қайта бағалаудың басты шарты болып табылады.

3. Кәсіби балет театры өз қызметін бастаған уақыттан-ақ Қазақстан балетмейстерлері гендерлік фактордың ықпалына ұшырады. Бұның нәтижесінде теңгерімсіздік орын алып, кеңес дәуірінде әйел хореографтар мүлдем қызмет етпеген болса, ел тәуелсіздігі жағдайында көшбасшы рөлді иемденді.

4. Ұлттық қазақ биі патриархалдық көзқарастар жүйесімен реттелетін халықтың ерекше дәстүрлі өмір салтын қалыптастыруға алып келген бірқатар факторлардың әсерінен туындады. Осыған орай, әйелдер биінің сипаты, формасы мен мазмұны қалыптасты.

5. Ұлттық биді кәсібилендіру және оның стилін қалыптастыру бағытындағы балетмейстерлердің басты міндеттерінің бірі Шара Жиенқұлова, Айгүл Тати, Анвара Садықова, Мукарам Авахри және басқа әйел орындаушылар мен хореографтардың шығармашылығында көрініс тапты.

6. Қазақстанның тәуелсіздік алуымен отандық әйел хореографтардың жеке және жалпы тәжірибесінен тұратын өзіндік авторлық көзқарасты қалыптастыру үшін негіздер кешені «қос сезімталдық» феноменіне айналып жетілді (М.Тлостанова ұсынған).

7. Әйел хореографтардың шығармаларындағы әйел образдарын бейнелеу ұлттық, неоклассикалық және қазіргі заманғы би бағыттарында жүзеге асырылады.

8. Әйелдердің канондық бейнелері М. Авахридін батыстық мәдениеттен және ер автордың көзқарасынан тыс репрезентацияларында қайта қаралады.

9. Осы диссертация жүзеге асырылған гендерлік дискурстың аспектісі хореографиялық өнердің барлық кәсіби салаларына әсер етеді. Гендерлік фактор оң және теріс салдарға әкелуі мүмкін, ал соңғысын жеңу үшін осы бағытта үздіксіз зерттеу қызметін жүргізу қажет. Қолданыстағы білім беру және институционалдық мекемелердің тәжірибесіне инклюзивтілік қағидаттарын енгізу ұсынылады.

**Құрылымы:** диссертация кіріспе, үш бөлім, тоғыз бөлімше, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздердің библиографиялық тізімі және қосымшадан тұрады.

**Зерттеуді қабылдау:** диссертацияның негізгі нәтижелері 8 ғылыми басылымда жарияланған, оның ішінде:

- біреуі Scopus (Q3) компаниясының деректер базасына кіретін Халықаралық ғылыми басылымда;
- үшеуі ҚР ҒЖББМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда;
- үшеуі халықаралық ғылыми конференция материалдарында;
- біреуі Қазақстан Республикасының ғылыми басылымында жарияланды.

**Зерттеу нәтижелері мынаны көрсетті:**

- гендерлік теорияның бағыты әйелдер тәжірибесі мен феминистік сынды зерттеуді қамтиды. Өнертану ғылымы мен гендерлік зерттеулердің түйіскен жерінде қолданылатын категориялық-тұжырымдамалық аппарат осы өнертану зерттеулеріне сүйенетін негізгі ұғымдарды қамтиды: әйелдер тарихы, әйелдер тәжірибесі, «көзқарас», «көрініс», өкілдік;

- әйелдердің шығармаларын қолданыстағы жоғары өнер дискурстары аясында талқылау әрекеттері идеологиялық тұрғыдан үстемдік пен теңсіздік жүйелеріне негізделген дәл сол дискурстардың өзін сынау және деконструкциялау қажеттілігін мойындаумен қайшылыққа түседі. Бұл жанрдың белгілі бір кезеңдеріндегі әйел хореографтардың белгілі бір жетістіктерін елемеуде көрініс табады;

- қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әйелдің ошақ иесі мен ана ретіндегі гендерлік ролі, сондай-ақ пұтқа табынушылық наным-сенімдер мен исламның салыстырмалы жұмсақ түрі негізінен лирикалық, тұрмыстық, “камералық” деп сипаттауға болатын қазақ әйел биінің ерекше мазмұнын, бояуын және орындау мәнерін қалыптастыруға айтарлықтай әсер етті.

- Қазақстанда Кеңес өкіметінің келуімен ұлттық кәсіби би өнері қалыптаса бастады. Бұл өнер би лексикасының негізін қалаған алғашқы биші Шара Жиенқұлованың есімімен тығыз байланысты. Алайда, Шараны идеологиялық образ

ретінде қолданған кеңестік мемлекеттік насихат жағдайлары оның шығармашылық қызметін шектеді және ұлттық бидің қалыптасуына қосқан үлесіне тікелей ықпал етті;

- посткеңестік кезеңдегі Қазақстанның саяси және әлеуметтік өміріндегі тарихи өзгерістер Гүлнар Адамова, Гүлмира және Гүлнар Ғаббасова, Наталья Новикова, Гүлжан Түткібаева, Мукарам Авахри, Айгүл Тати, Анвара Садықова сияқты әйел хореографтардың отандық хореографиялық өнерде жетекші орынға ие болуына жағдай жасады;

- қазіргі заманғы әйел балетмейстерлер ұлттық би идеясын бүгінгі қоғаммен, тарихпен және мәдени өмірмен өзара әрекеттестікте болатын уақыттың тірі әрі сергек куәгері ретінде насихаттайды. А. Тати өзінің түпнұсқа миниатюраларында стильдеуді қолдана отырып, бидегі ою-өрнек өнерін дамытып жүр. М. Авахри және А. Садықова өздерінің ауқымды қойылымдарында қазіргі заманның ұлттық рухын бейнелейтін есімдер мен құбылыстарды жандандыра отырып, тағы бір басқаша көзқарасты ұсынады;

- балет сахнасындағы жаңа эстетикалық принциптерді әйелдер образдарын бейнелеуде әйел хореографтар бекітеді. Апалы-сіңлілі Ғаббасовалар би театрының мүмкіндіктеріне сүйене отырып, әйелдердің инновациялық бейнелерін жасайды. М. Авахридің интерпретациясындағы Кармен мен Саломеяның канондық бейнелерін қайта қарай отырып, хореографтың жаңа модельдер құруға ұмтылатыны, канондық мәдени мәтінді кеңейтетіні, сонымен бірге ұзақ уақыт бойы осы құқықтан айырылған әйелдер мен батыстық емес авторлардың көзқарасын дәл көрсететіні анықталды;

- Қазақстанның балет өнері феминистік және эгалитарлық мұраттарға сәйкес мәндерді қайта қарау арқылы гендерлік теңсіздіктің жасырын көріністерін еңсеруге әлеуеті бар. Бірінші кезекте, мұны білім беру процесіне инклюзивтілік принциптерін енгізу түрінде педагогикалық реформа арқылы жасауға болады. Би теориясы мен тарихы саласында зерттеушілердің алдына Қазақстанның отандық хореографиялық өнері контекстінде би дискурсын кеңейту үшін гендерлік зерттеулер саласындағы әлемдік ғылымның тәжірибесін игеру міндеті қойылуы тиіс.

Докторлық диссертация ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК Өнертану және Арт-менеджмент кафедрасының 2023 жылғы 17 наурыздағы кеңейтілген отырысында талқыланып, қорғауға ұсынылды. (хаттама №8).